

Пароочиститель Karcher SC2 EasyFix

Как пользоваться

ВКЛЮЧЕНИЕ

- Открутите пробку на корпусе и залейте не больше 1 литра воды. Подойдёт обычная из крана или дистиллированная. Тёплая вода нагревается быстрее.
- Только чистая вода: без моющих средств, уксуса, ароматизаторов, дождевой воды и воды из сушилки.
- Закрутите пробку, поставьте прибор на пол или устойчивую поверхность и включите в розетку.
- Лампочка горит красным: греется, это около 6,5 минут. Стала зелёной: можно работать.
- Перед уборкой выпустите пар в тряпку, пока он не пойдёт ровно.
- Без воды не включайте, прибор может перегреться.

КАК ЧИСТИТЬ

- Пол перед паром подметите или пропылесосьте.
- Насадку вставьте на паровой пистолет до щелчка. Для пола сначала удлинительные трубки, на них насадку для пола.
- Салфетку для пола положите на пол липучками вверх и слегка прижмите сверху насадкой. Чтобы снять, наступите на её язычок и поднимите насадку.
- Силу пара выбирают переключателем на пистолете: максимум, меньше пара или блокировка.
- На сильной грязи ведите медленно, чтобы пар успел подействовать.
- В перерывах вешайте насадку для пола на держатель на корпусе.
- Чтобы снять насадку, сдвиньте переключатель пара назад, нажмите кнопку и разъедините.

ЕСЛИ ПАР ПЕРЕСТАЛ ИДТИ

- Курок не нажимается: включена блокировка. Сдвиньте переключатель пара вперёд.
- Пара стало мало или он не идёт: закончилась вода. Долейте по шагам ниже.
- Из сопла идёт много воды: налито слишком много. Жмите курок в тряпку, пока воды не станет меньше.
- Пар идёт из пробки: выньте вилку из розетки и напишите нам, дальше не пользуйтесь.

НАСАДКИ

- Насадка для пола с салфеткой: плитка, камень, линолеум, моющиеся стены.
- Точечное сопло: швы между плиткой, смесители, сливы, раковины, унитаз, жалюзи, батареи. Чем ближе к грязи, тем сильнее пар.
- Круглая щётка (надевается на точечное сопло): присохшая грязь, плита и вытяжка. Может поцарапать нежные поверхности.
- Ручная насадка с обтяжкой из микрофибры: зеркала, душевая кабина, окна, небольшие поверхности.
- Без насадки: разгладить складки на висящей одежде с расстояния 10–20 см.

ОСТОРОЖНО

- Пар очень горячий. Не направляйте его на людей и животных и не подставляйте руку.
- Работайте в обуви и не ставьте ноги под насадку для пола.
- Не направляйте пар на розетки, технику и внутрь духовки.
- Нельзя: дерево и паркет без лака, крашеная или ламинированная мебель, двери. Их протирайте тряпкой, на которую коротко дали пар.
- Не направляйте пар на приклеенные кромки мебели. Ткани сначала проверьте на незаметном месте.
- Если на улице холодно, сначала слегка прогрейте всё стекло паром, иначе оно может треснуть.
- Не снимайте насадку, пока идёт пар: может капнуть горячая вода.
- Не оставляйте включённый прибор без присмотра. Детям не давайте.

КАК БЕЗОПАСНО ДОЛИТЬ ВОДУ

1. Выньте вилку из розетки. Внутри горячий пар под давлением: пробку на горячем приборе не открывайте никогда.
2. Нажмите курок и держите, пока пар не перестанет выходить. Так уходит давление.
3. Сдвиньте переключатель пара назад, курок заблокируется.
4. Дайте прибору остыть не меньше 10 минут.
5. Открутите пробку, слейте остатки воды и залейте не больше 1 литра.
6. Закрутите пробку, включите в розетку и дождитесь зелёной лампочки.

ПЕРЕД ВОЗВРАТОМ

Выньте вилку из розетки, выпустите остаток пара и дайте прибору остыть. Слейте всю оставшуюся воду и закрутите пробку обратно.

Насадки, трубки и щётку сложите в сумку для принадлежностей.

Грязную салфетку и обтяжку тоже кладите в сумку, стираем мы сами. Мыть ничего не нужно, обслуживание мы делаем сами.



Karcher SC2 EasyFix бу тазартқышы

Қалай пайдалану керек

ҚОСУ

- Корпустағы қақпақты бұрап ашып, 1 литрден аспайтын су құйыңыз. Құбыр суы да, дистилденген су да болады. Жылы су тезірек қызады.
- Тек таза су: жуғыш құрал, сірке суы, хош иіс, жаңбыр суы немесе кептіргіштің суы болмасын.
- Қақпақты бұрап жабыңыз, құрылғыны еденге не тұрақты жерге қойып, розеткаға қосыңыз.
- Шам қызыл жанса, құрылғы қызып жатыр, шамамен 6,5 минут. Жасыл болды: жұмысқа дайын.
- Тазалау алдында бу бір қалыпты шыққанша шүберекке жіберіңіз.
- Сусыз қоспаңыз, құрылғы қызып кетуі мүмкін.

ҚАЛАЙ ТАЗАЛАУ КЕРЕК

- Еденді бумен тазалар алдында сыпырыңыз не шаңсорғышпен сорып алыңыз.
- Қондырманы бу тапаншасына шырт еткенше кигізіңіз. Еденге алдымен ұзартқыш түтіктер, оларға еден қондырмасы.
- Еден шүберегін жабысқақ жағын жоғары қаратып еденге қойыңыз, үстінен қондырмамен сәл басыңыз. Алу үшін тілшесін аяқпен басып, қондырманы көтеріңіз.
- Бу күшін тапаншадағы ауыстырғышпен таңдайсыз: максимум, азырақ бу немесе құлып.
- Қатты кірлеген жерде баяу жүргізіңіз, бу әсер етуге үлгерсін.
- Үзіліс кезінде еден қондырмасын корпустағы ілгекке іліп қойыңыз.
- Қондырманы шешу үшін ауыстырғышты артқа жылжытып, түймені басып, ажыратыңыз.

БУ ШЫҚПАЙ ҚАЛСА

- Бу тетігі басылмайды: құлып қосулы. Ауыстырғышты алға жылжытыңыз.
- Бу азайды не мүлде шықпайды: су таусылды. Төмендегі қадамдармен су құйыңыз.
- Шүмектен көп су шығады: су тым көп құйылған. Су азайғанша тетікті шүберекке басыңыз.
- Бу қақпақтан шығып жатыр: ашаны розеткадан суырып, бізге жазыңыз, әрі қарай қолданбаңыз.

ҚОНДЫРМАЛАР

- Шүберегі бар еден қондырмасы: плитка, тас, линолеум, жуылатын қабырғалар.
- Нүктелік шүмек: плитка арасындағы тігістер, су шүмектері, ағызу тесіктері, раковина, унитаз, жалюзи, радиатор. Кірге неғұрлым жақын болса, бу соғұрлым күшті.
- Дөңгелек щетка (нүктелік шүмекке кигізіледі): қатып қалған кір, плита мен сорғыш. Нәзік беттерді сызып кетуі мүмкін.
- Микроталшық қабы бар қол қондырмасы: айна, душ кабинасы, терезе, шағын беттер.
- Қондырмасыз: ілулі тұрған киімнің қыртысын 10–20 см қашықтықтан түзетуге болады.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- Бу өте ыстық. Адамға, жануарға бағыттамаңыз, қолыңызды тоспаңыз.
- Аяқ киіммен жұмыс істеңіз, аяғыңызды еден қондырмасының астына қоймаңыз.
- Буды розеткаға, техникаға, пештің ішіне бағыттамаңыз.
- Болмайды: лакталмаған ағаш пен паркет, боялған не ламинатталған жиһаз, есіктер. Оларды бу жіберілген шүберекпен сүртіңіз.
- Жиһаздың желімделген жиектеріне бу бағыттамаңыз. Матаны алдымен көрінбейтін жерде тексеріңіз.
- Сыртта суық болса, алдымен бүкіл әйнекті бумен сәл жылытыңыз, әйтпесе жарылуы мүмкін.
- Бу шығып тұрғанда қондырманы шешпеңіз: ыстық су тамуы мүмкін.
- Қосулы құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз. Балаларға бермеңіз.

СУДЫ ҚАЛАЙ ҚАУІПСІЗ ҚҰЮ КЕРЕК

1. Ашаны розеткадан суырыңыз. Ішінде қысымдағы ыстық бу бар: ыстық құрылғының қақпағын ешқашан ашпаңыз.
2. Бу тетігін бу шығуы тоқтағанша басып тұрыңыз. Осылай қысым кетеді.
3. Ауыстырғышты артқа жылжытыңыз, тетік құлыпталады.
4. Құрылғыны кемінде 10 минут суытыңыз.
5. Қақпақты бұрап ашыңыз, қалған суды төгіп, 1 литрден аспайтын су құйыңыз.
6. Қақпақты жабыңыз, розеткаға қосыңыз, жасыл шамды күтіңіз.

ҚАЙТАРАР АЛДЫНДА

Ашаны суырыңыз, қалған буды шығарып, құрылғыны суытыңыз. Қалған судың бәрін төгіп, қақпақты қайта бұрап жабыңыз.

Қондырмаларды, түтіктерді және щетканы керек-жарақ сөмкесіне салыңыз.

Кір шүберек пен қапты да сөмкеге сала беріңіз, оларды өзіміз жуамыз. Ештеңе жудың қажеті жоқ, күтімін өзіміз жасаймыз.